

Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері Университетінің «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Адырбекова Мауе Колибаевнаның «Персуазивті коммуникацияның лингвопрагматикалық ерекшеліктері (ағылшын және қазақ газет дискурсы материалы негізінде)» атты диссертациясына

ПІКІР

Докторант М.К. Адырбекованың ғылыми зерттеу жұмысы ағылшын және қазақ газет дискурсында иландыру коммуникациясының рөлін зерттеуге арналған. Бүгінгі күн бұқаралық ақпарат құралдарының оқырман қауымына ұсынар ақпарат ауқымын өткен ғасыр ауқымымен салыстыруға келмес. Тұлғаға толқынды тап берген жаңалықтар легінде әр заманның өзіне сай баспасөздік стилі мен ақпарат дайындау әдісі болады. Бұл диссертация жаңа ғасыр газет қызметін ағылшын және қазақ тілді материалдар тұрғысынан салыстырмалы түрде зерттеу арқылы, қай мәдениетке қандай әдіс тән екенін анықтап, сонымен қатар, екі мәдениеттің әлеуметтік өмірін салыстыруға мүмкіндік береді. Баспасөз мәтінін әзірлеуде ақпараттық қызмет оқырман назарын мақалаға аударту үшін көптеген тәсілдерді қолданады, солардың бірі авторлық шеберлік пен аудиторияға ұсынар мәтін тақырыбының оңтайлы таңдалуынан көрініс табады. Оларға талдау жүргізетін арнайы коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар лингвистика саласында бұқаралық ақпарат құралдарын жан-жақты қарастыра отырып, әрбір мәтіннің түйінді ойын анықтауда үлкен рөл атқарады.

Диссертация жазу барысында М.К. Адырбекова ағылшын және қазақ газеттерін арнайы талап бойынша сараптап, әлеуметтік дәрежесі мен шығарылым данасы жөнінен бір-біріне өзара сай келер бірнеше баспа саласын қарастырған. Солардың арасында «Егемен Қазақстан» газетіне барлық жағынан сәйкес келген ағылшындық «The Independent» газеті екі елдің күнделікті тіршілігін жан-жақты сипаттаушы, ең кең тараған және саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени мәселелерді қамтушы, оқырманы ең ауқымды газеттер екені анықталды. Батыстық және шығыстық өркениеттің тыныс-тіршілігін, өзекті мәселесін және ақпарат қабылдау ерекшелігін сипаттау үшін бұл ғылыми зерттеу жұмысы қалам шебері – журналисттің рөліне аса үлкен мән беру арқылы, жекелеген авторлардың еңбектеріне (сұхбаттарына) тоқталған. Мәселе тақырыбынан бастап сұхбат мәтінінің

